



АҚ «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті»

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**Іс-қимыл тәртібі туралы ереже**

Формальды және формальды емес  
білім берудің оқыту нәтижелерін тану  
тәртібі туралы ереже

XC ISO 9000:2015  
XC ISO 9001:2016  
XC ISO 37001:2016

КазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ -8.3/8.1-2025-35

Енгізу күні « 18 » маусым 2025 ж.

**БЕКІТЕМІН**

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» ректоры

Л. Байболова

« 18 » маусым 20 25 ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУДІҢ  
ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАҢУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**КазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ -8.3/8.1-2025-35**

**КЕЛІСІЛДІ**

АСЖ проректор

Э.Б. Аскарбеков

« 18 » маусым 2025 ж.

Астана, 2025

### Алғы сөз

Осы Ережені «ҚазТБУ» АҚ оқу-әдістемелік басқармасы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасы әзірледі.

Осы Ереженің бастапқы беті «ҚазТБУ» АҚ ректорының жеке қолтаңбасымен бекітіледі және қолы қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Ереже «ҚазТБУ» АҚ формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану тәртібін және міндетті талаптарын анықтайды.

Осы Ереже «ҚазТБУ» АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау процесіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережені мерзімдік тексеруді ҚазУТБ-СЖАБ-ҚР-7.5-2025-20-05.01 ҚР сәйкес 3 жылдан аспайтын уақыт аралығында ББББ бастығы және ЖООКБББ бастығы жүргізеді.

10.07.12.2022 КҚ күші жойылды деп танылсын «Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже», нұсқа: 29.02.2024 ж., № 7 хаттама ғылыми кеңес отырысының шешімдері.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	2
1. Құжат атауы.....	4
2. Әзірлеуші .....	4
3. Құжаттарды әзірлеудің мақсаты.....	4
4. Нормативтік сілтемелер .....	4
5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	5
6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	8
7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	8
8. ECTS ТҮРІ БОЙЫНША ОҚУ КУРСТАРЫ МЕН КРЕДИТТЕРДІ АУДАРУ ТӘРТІБІ.....	9
9. ИГЕРІЛГЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ.....	10
10. БІЛІМ АЛУШЫНЫ ҚАЙТА АТТЕСТАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ .....	10
11. ФОРМАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ.....	11
12. ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ.....	11
13. ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ.....	12
14. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛДАР .....	13
15. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІК.....	13
ҚОСЫМША .....	14
Н.ББББ 8.3/8.1-2025-35-01 (міндетті).....	14
Оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш нысаны.....	14
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі тиісті комиссиялар отырысының хаттамасының нысаны.....	15
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі аттестациялау комиссия отырысының хаттамасының нысаны.....	17

## 1. Құжат атауы

1.1 «Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже» ҚазТБУ- ББББ- ІТЕ -8.3/8.1-2025-35.

## 2. Әзірлеуші

2.1 Білім беру бағдарламалар басқармасы

2.2 Тіркеу кеңсесі

## 3. Құжаттарды әзірлеудің мақсаты

3.1 Білім берудің барлық деңгейлерінде формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану тәртібін реттеу.

## 4. Нормативтік сілтемелер

4.1 ХС ISO 9000:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік»;

4.2 ХС ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар»;

4.3 ХС ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі – талаптар және қолдануға ұсыныстар»;

4.4 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (2023 жылғы 25 маусымдағы өзгерістермен және толықтыруларымен);

4.5 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңы (2025 жылғы 19 мамырдағы өзгерістермен және толықтыруларымен);

4.6 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістермен және толықтыруларымен);

4.7 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2025 жылғы 26 наурыздағы өзгерістермен және толықтыруларымен);

4.9 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (2024 жылғы 24 маусымдағы өзгерістермен және толықтыруларымен);

4.10 «Формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқыту нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 508 бұйрығы (2025 жылғы 18 наурыздағы өзгерістермен және толықтыруларымен);

4.11 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 бұйрығы;

4.12 Еуропалық кредит аудару және жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

4.15 ҚР СТ 3049-2017 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты;

4.16 «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ жарғысы;

4.17 «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты»;

4.19 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ББББ-ІТЕ-8.3/8.1-2025-01;

4.21 «Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты» ҚазТБУ-ББББ-ІТЕ-8.3/8.1-2025-34;

4.22 «Құжатталған ақпарат» ҚазТБУ- СҚжАБ-ҚР-7.5-2025-20-05.01;

### 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
<b>“ҚазТБУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты</b>	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, “ҚазТБУ» АҚ қызметіне халықтың сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.
<b>Академиялық кезең (Term)</b>	білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту мерзімі: семестр, триместр, тоқсан
<b>Академиялық кредит</b>	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеуге арналған бірыңғай бірлік
<b>Академиялық күнтізбе</b>	демалыс күндерін (демалыс күндері мен мерекелер) көрсете отырып, оқу жылындағы оқу және бақылау іс-шараларының, кәсіптік практикалардың күнтізбесі
<b>Академиялық сағат</b>	оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады
<b>Аралас оқыту</b>	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру порталында орналастырылған арнайы электрондық оқу материалдарын пайдаланатын, күндізгі кәсіптік білім беруді онлайн оқытумен ұштастыру негізінде оқу процесін ұйымдастыру.
<b>Біліктілік</b>	қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі
<b><u>Білім</u></b>	тиісті еңбек немесе оқу әрекеті саласындағы фактілер, қағидалар, теориялар мен тәжірибелер жиынтығымен анықталатын оқыту арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі.
<b>Білім беру бағдарламасы</b>	оқытудың мақсаттарын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асырудың тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
<b>Дағдылар</b>	кәсіби немесе өзге де қызмет түрлері саласындағы міндеттерді ойдағыдай шеше білу.
<b>Докторантура</b>	білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
<b>Ересектерге формальды емес білім беру</b>	оқу орнын, мерзімдері мен нысанын есепке алмай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растайтын

	құжатты берумен қатар жүретін Білім беру түрі.
<b>Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS)</b>	студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;
<b>Жаппай ашық онлайн курс</b>	электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып, жаппай интерактивті қатысумен және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен оқыту курсы
<b>Жеке оқу жоспары</b>	білім беру бағдарламасы және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылар әр оқу жылына өз бетінше қалыптастыратын оқу жоспары
<b>Кредиттік оқыту технологиясы</b>	академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді оқыту реттілігін таңдау және дербес жоспарлау негізінде оқыту
<b>Қабілеттер</b>	мәселелерді шешу кезінде білімді қолданудың расталған қабілеттері.
<b>Қайта есептеу</b>	алдыңғы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары кәсіптік білім алу кезінде білім алушылардың өткен оқу пәндері мен практикаларын, білім беру модульдерін, сондай-ақ олар бойынша алынған қорытынды бақылау нәтижелерін тану және оларды транскриптке көшіру.
<b>Қашықтықтан оқыту</b>	педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың педагогикалық, сондай-ақ ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өзара және оқыту құралдарымен өзара іс-қимылының уақыт пен кеңістікте мақсатты ұйымдастырылған және келісілген процесі.
<b>Қашықтықтан оқыту технологиялары</b>	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, білім алушы мен оқытушының жанама (қашықтықта) немесе толық емес өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту.
<b>Қолданбалы бакалавр</b>	білім беру бағдарламалары «қолданбалы бакалавр» біліктілігі беріліп, кадрлар даярлауға бағытталған орта білімнен кейінгі білім.
<b>Қолданбалы бакалавр</b>	орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын бітірген адамдарға берілетін біліктілік
<b>Қосымша білім</b>	кәсіптік білімі бар тұлғалардың кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыруға және кәсіби қайта даярлауға бағытталған, осы тұлғалардың іскерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ олардың кәсіптік және мәдени деңгейін көтеруге ықпал ететін білім беру.
<b>Құзыреттіліктер</b>	қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі
<b>Магистратура</b>	кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі
<b>Модуль</b>	білім алушылардың алған білімдері, біліктері, дағдылары,

### 6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқартулар	Толық атауы
«ҚазТБУ» АҚ	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамы
ҚазТБУ- СҚЖАБ-ҚР-7.5-2025-20-05.01	Құжатталған рәсім «Құжатталған ақпарат»
ҚазТБУ -ББББ- ІҚТТЕ - 8.3/8.1-2025-35	Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже
ББ	Білім беру бағдарламасы
ББСМБ	Білім беру сапасының менеджменті бөлімі
БН	Бақылау нұсқасы
ҒЖИ	Ғылым және инновация
ЕСТS	Еуропалық кредит аудару және жинақтау жүйесі
ЖЖООКББҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ЖООКБББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасы
ИжАТФ	Инженерлік және ақпараттық технологиялар факультеті
КОТ	Кредиттік оқыту технологиясы
ҚА	Құжатталған ақпарат
ҚБ	Құрылымдық бөлім
ҚОТ	Қашықтықтан оқыту технологиялары
ҚОФ	Қашықтықтан оқыту факультеті
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ОӘБ	Оқу-әдістемелік басқармасы
ОӘЖ	Оқу-әдістемелік жұмыс
ОН	Оқыту нәтижесі
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
СжАБ	Сапа және аккредиттеу басқармасы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ТО	Тіркеуші офис
ТФ	Технология факультеті
Ү	Үлгі
ЭжБФ	Экономика және бизнес факультеті

### 7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық құжаттарында айқындалған талаптарға сәйкес әзірленген.

7.2 Осы Ереже формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған ОН тану тәртібін реттейді.

7.3 Оқыту нәтижелерін тану ауыстыру және қайта есептеу түрінде жүзеге асырылады.

7.4 Білім алушылардың ОН тану рәсімі мынадай жағдайларда жүргізіледі:

7.4.1 білім алушыны бір БББ-нан екіншісіне ауыстыру кезінде;

7.4.2 білім алушы басқа ЖЖООКББҰ-нан ауыстыру тәртібімен қабылдау кезінде;

7.4.3 бұрын «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ немесе басқа ЖЖООКББҰ-да оқыған адамдарды оқуын қайта қалпына келтіру кезінде;

7.4.4 қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «орта буын маман» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар

техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды жоғары білімнің ББ-на қабылдау кезінде;

7.4.5 қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін ББ тобы бойынша жоғары білімі бар адамдарды жоғары білімнің ББ-на қабылдау кезінде;

7.4.6 академиялық демалыстан шығу кезінде;

7.4.7 академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқу кезінде;

7.4.8 қосдипломдық білім беру бағдарламалары бойынша оқу кезінде;

7.5 Танылған оқыту нәтижелері пән (модуль) бойынша қорытынды бағалау нәтижелері ретінде ескеріледі.

7.6 Оқыту нәтижелерін тану «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ БББ айқындаған әрбір пән (модуль) және кәсіптік практика бойынша жоспарланатын оқыту нәтижелерін білім алушы оқудан өткен ББ айқындаған әрбір пән (модуль) және кәсіптік практика бойынша оқыту нәтижелерімен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

7.7 Білім беру және/немесе кәсіптік біліктілікті беру үшін талап етілетін ОН және құзыреттерге формальды және формальды емес білім беру жүйесінде қол жеткізуге және алуға болады.

7.8 Техникалық және кәсіптік білім беру БББ базасында, «кіру» кезінде орта білімнен кейінгі білім беруде жоғары білім ББ бейіні техникалық және кәсіптік білім беру ББ-мен немесе орта білімнен кейінгі білім берумен сәйкес келген жағдайда формальды білім берудің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады және оқу мерзімі қысқартылады.

7.9 Магистратурада кадрларды даярлау жоғары оқу орнының ББ негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, «кіру» кезінде, егер магистратураның ББ бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келсе, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады;

7.9.1 Магистратура ББ бейіні жоғары білім БББ-мен сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

7.9.2 Қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтары бойынша бейіндік комиссиялар анықтайды.

7.9.3 Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

7.9.4 Магистрант пререквизиттер ретінде тиісті деңгейдегі формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін ұсынады, оларды тануды осы Ережеге сәйкес бейінді комиссиялар жүзеге асырады.

7.9.5 Жоғары арнаулы білім беру БББ бойынша оқыту нәтижелері бейіндік бағыт бойынша тиісті магистратура ББ бойынша оқыту нәтижелеріне теңестіріледі.

7.10 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану үшін факультет декандарының ұсынуы бойынша "ҚазТБУ" АҚ ректорының бұйрығымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ББ топтары бойынша бейіндік комиссияның құрамы бекітіледі.

7.11 Бейіндік комиссияның құрамына ПОҚ арасынан тиісті бейіндегі сарапшылар кіреді

7.12 Бейіндік комиссияның құрамына оның мүшелері ретінде факультет деканы немесе бітіруші кафедра меңгерушісі және/немесе факультет деканы және/немесе деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары енгізілуі мүмкін.

## **8. ECTS ТҮРІ БОЙЫНША ОҚУ КУРСТАРЫ МЕН КРЕДИТТЕРДІ АУДАРУ ТӘРТІБІ**

8.1 Серіктес ЖОО-да оқыту нәтижелерін тану академиялық ұтқырлықтың міндетті қағидаты болып табылады.

8.2 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін ECTS оқу курстарын қайта кредиттеу мәселелері ТО-пен келісім бойынша тиісті комиссияның құзыретіне жатады.

8.3 Бір қазақстандық академиялық кредитінің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

8.4 Оқу жетістіктерін өлшеу мен салыстырудың объективті критерийлерін қамтамасыз ету ECTS пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың негізінде жүзеге асырылады, оның негізінде ECTS бойынша бағаларды білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне қайта есептеу жүзеге асырылады.

8.5 Бағаларды аудару серіктес жоғары оқу орнының бағаларын аудару шкаласы негізінде жүзеге асырылады.

8.6 Ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу бағдарламасы туралы ақпарат: пәндердің (модульдің), бағалардың атауы, игерілген академиялық кредиттердің саны енгізілетін, оқуды растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе оның қабылдаушы елдегі баламасы болып табылады.

8.7 Оқу шартына сәйкес шетелде оқу кезеңінде алған және бағалар транскриптімен расталған кредиттерді аудару білім алушының білімін қосымша бағалаусыз уақтылы жүзеге асырылуы тиіс.

8.8 Оқыту нәтижелерін тану БББ оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін пәндерді қайта есептеуді («қанағаттанарлықсыз» бағаларды қоса алғанда) көздейді. Бұл ретте модульдерді/пәндерді оқытудың, кәсіптік практиканың, ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны мен нәтижелері және олардың еңбек сыйымдылығы салыстырылады.

8.9 БББ бойынша пәндер айырмашылығын меңгеру «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБҰ» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.10 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБҰ» АҚ мен серіктес ЖОО-ның академиялық күнтізбесі бойынша оқу мерзімдері арасында айырмашылық болған жағдайда, пәндер бойынша тіркеу «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБҰ» АҚ академиялық күнтізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

## **9. ИГЕРІЛГЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ**

9.1 ОН қайта есептеу, әдетте, келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

9.1.1. пәндер (модульдер), кәсіптік практика білім алушы оқитын «ҚазТБҰ» АҚ БББ оқу жоспарына енгізілген;

9.1.2 пәндердің (модульдердің), практикалардың атаулары білім алушылардың басқа ұйымда және/немесе басқа БББ бойынша игерген немесе бейіндік комиссия олардың мазмұны бойынша тиісті деп таныған оқу жоспарындағы атаулармен сәйкес келеді (пәннің және/немесе оқу-тақырыптық жоспардың қысқаша аннотациясы және/немесе білім алушыларға мазмұны туралы ұсынылған ақпарат негізінде пәндер);

9.2 Білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір БББ-дан екіншісіне, бір ЖЖООКББҰ-дан екінші ЖЖООКББҰ-ға ауыстыра отырып танылады.

9.3 Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық назарға алынбайды. Пән бойынша бағаны есепке алу ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ең төменгі D (1,0; 50-54 %) мен ең жоғары A (4,0; 95-100%) аралығында төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

## **10. БІЛІМ АЛУШЫНЫ ҚАЙТА АТТЕСТАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ**

10.1 Қайта аттестациялау деп жекелеген пәндер (модульдер) және (немесе) жоғары (және) немесе орта кәсіптік білім (басқа БББ бойынша), сондай-ақ қосымша білім алу кезінде білім алушының өткен (зерделенген) кәсіптік практиканың жекелеген түрлері бойынша оқыту нәтижелерін толық/ішінара тану үшін жүргізілетін рәсім түсініледі.

10.2 Тиісті пән бекітілген кафедра меңгерушісі мен кафедра оқытушыларының құрамындағы қайта аттестациялау жөніндегі комиссия көрсетілген пәндер және/немесе кәсіптік практика түрлері бойынша білім алушының қалдық білімін ("ҚазТБҰ" АҚ БББ сәйкес) (Н.ББББ

8.3/8.1-2025-35-03) тексереді.

10.3 Қайта аттестациялау қорытындысы бойынша оң бағалар болған жағдайда (Н.ББББ 8.3/8.1-2025-35-03) жалпы шешім шығарылады.

10.4 Қайта аттестациялау үшін білім алушыға пәннің (кәсіптік практиканың) жұмыс бағдарламасымен және тиісті пән бойынша сұрақтар тізбесімен танысуға мүмкіндік беріледі.

## **11. ФОРМАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ**

11.1 Формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тануды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім, қосымша білім беру базасында алдыңғы деңгейдегі білім туралы құжаттар негізінде білім алушыларды қысқартылған ББ-ға қабылдау кезінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру тобы бойынша бейіндік комиссия жүзеге асырады.

11.2 Формальды білім беруді оқытудың бұрын қол жеткізілген деп танылған нәтижелері негізінде білім алушыларға академиялық кредиттердің саны және жоғары білім ББ қажетті көлемі айқындалады және оқыту мерзімі белгіленеді.

11.3 Білім алушылардың алдыңғы оқу деңгейлерінде және басқа да формальды білім беру ұйымдарында алған қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен оң бағалары академиялық кредиттерді қайта есептей отырып танылады.

11.4 Оқыту нәтижелерін тануға өтініш факультет деканының атына (Н. ББББ-8.3/8.1-2025-35-01) жазылады, факультет деканы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ББ тобы бойынша бейіндік комиссия төрағасының қарауына жібереді.

11.5 Оқыту нәтижелерін тануға өтініш берген тұлға бейіндік комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

11.5.1 Н.ББББ-8.3/8.1-2025-35-01 оқыту нәтижелерін тануға өтініш;

11.5.2 жеке куәліктің көшірмесі;

11.5.3 формальды және (немесе) формальды емес білімнің оқыту нәтижелерін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

11.5.4 пәндердің жұмыс бағдарлама (силлабустар) немесе тиісті пән бойынша сұрақтар тізбесі (ЕСУВО немесе Үлгілік бағдарлама).

11.6 Бейіндік комиссия алдыңғы формальды кәсіптік білім туралы білім алушыға/талапкерге ұсынылған құжаттарды зерделеу негізінде осы Ереженің 9-тармағына сәйкес игерілген академиялық кредиттерді қайта есептеуді жүзеге асырады:

11.6.1 игерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемдерін, алған білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін, сондай-ақ формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ пәндерінің тізбесімен, олардың көлемі мен 9-тармаққа сәйкес оқыту нәтижелерімен салыстыруды жүргізеді;

11.6.2 бейіндік комиссияның шешімін шығарады және ТО/ЖООКБББ формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану туралы бейіндік комиссия отырысының хаттамасынан үзіндіні (Н.ББББ-8.3/8.1-2025-35-02) білім алушының транскриптіне енгізу үшін ұсынады.

## **12. ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ**

12.1 Формальды емес білім беруді ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 37-бабының 2) тармақшасына сәйкес оқыту нәтижелерін растайтын құжатты бере отырып, оқыту орны, мерзімдері мен нысанын есепке алмай көрсетілетін білім беру қызметтерін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынады.

12.2 Оқу нәтижелерін растайтын құжаттар болып оқуды аяқтау туралы куәлік немесе оқуды аяқтау туралы куәлік табылады.

12.3. Формальды емес білім беретін танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар берген оқуды аяқтау туралы куәліктер мен сертификаттар қарауға жатады.

12.4 Формальды емес білім беру арқылы бакалавриат/магистратура/ докторантура БББ оқу жоспарларының пәндерін өз бетінше меңгерген адамдар осы Ереженің 11.5-тармағына сәйкес формальды емес оқыту нәтижелерін тану және академиялық кредиттерді қайта есептеу туралы өтінішті ТО/ЖООКБББ береді.

12.5 Бейіндік комиссия формальды емес білім туралы білім алушыларға/талапкерлерге ұсынылған құжаттарды зерделеу негізінде осы Ереженің 11.6-тармағына сәйкес игерілген академиялық кредиттерді қайта есептеуді жүзеге асырады.

### **13. ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ**

3.1. Формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) ректордың бұйрығымен құрылады.

13.2. Комиссия – негізгі білім беру бағдарламасынан тыс алынған құзыреттерді тану туралы шешім қабылдайтын алқалы орган. Оған мыналар кіреді: өзіндік білім алу; онлайн-курстар; біліктілікті арттыру курстары; кәсіби тәжірибе және басқалар.

13.3. Комиссияның қызметі оқу нәтижелерін тану қағидаттарын жүзеге асыруға, академиялық ұтқырлықты дамытуға және студенттердің жеке білім беру траекторияларын қолдауға бағытталған.

13.4. Комиссияның негізгі міндеттері:

13.4.1. Өтініш беруші ұсынған құзыреттерді меңгергенін растайтын дәлелдемелерді бағалау;

13.4.2. Алынған нәтижелерді білім беру бағдарламасының мақсаттары мен мазмұнымен салыстыру;

13.4.3. Жекелеген пәндерді, модульдерді немесе академиялық кредиттерді тану туралы шешім қабылдау;

13.4.4. Жоғары білім беру бағдарламалары аясында алынған нәтижелерді есепке алу бойынша ұсыныстар дайындау.

13.5. Комиссияның құрамы:

13.5.1. Комиссия университет басшылығының шешімімен қалыптастырылады және ректордың бұйрығымен бекітіледі;

13.5.2. Комиссия Төрағасы мен Төрағаның орынбасары Комиссияның алғашқы отырысында ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады;

13.5.3. Комиссия Төрағасы комиссия қызметін жалпы басқарады, отырыстарды өткізеді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын орынбасары орындайды;

13.5.4. Комиссия хатшысының қызметін комиссия мүшесі болып табылмайтын оқу жұмысы жөніндегі декан орынбасары атқарады;

13.5.5. Комиссия құрамына ПОҚ өкілдері, тіркеуші офисінің өкілі және мансап орталығының өкілі кіреді.

13.6. Формальді емес білімді тану үшін ұсынылған құжаттар Комиссия тарапынан 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін сараптамалық топқа жіберіледі (сараптамалық қорытынды).

13.7. Сараптамалық топтың құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Оның құрамына білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік салада тәжірибесі бар практик мамандар және ПОҚ кіреді. Сараптамалық топтың төрағасы – білім беру бағдарламасының жетекшісі (базалық кафедра меңгерушісі).

13.8. Сараптамалық топ құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарап шығады. Қарау нәтижелері бойынша оқу нәтижелерінің сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады.

13.9. Комиссия отырысы хаттамасынан үзінді Комиссия хатшысы тарапынан тіркеуші

офисіне оқу пәндері (модульдері) бойынша мәліметтерді енгізу үшін беріледі.

#### 14. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛДАР

14.1 Байланысты тәуекелдер:	14.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-қимылдар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>• білім алушыларға уақтылы хабарламау;</li> <li>• оқыту нәтижелерін дұрыс емес салыстырмалы талдау;</li> <li>• ТО/ЖООКБББ-на жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру топтары бойынша бейіндік комиссия отырысының хаттамаларын уақтылы ұсынбау;</li> <li>• білім алушының транскриптіне қайта есептелген кредиттерді уақтылы енгізбеу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• біліктілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамы арасынан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру топтары үшін аттестациялау комиссиялар құрамын құру;</li> <li>• оқыту нәтижелерінің сапалы салыстырмалы талдауы;</li> <li>• жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру топтары бойынша аттестациялау комиссиялар отырыстарының хаттамаларын уақтылы ресімдеу және ТО/ЖООКБББ қарауына ұсыну;</li> <li>• қайта есептелген кредиттерді білім алушының транскриптіне уақтылы енгізу</li> </ul>

#### 15. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІК

Бастықтар мен құрылымдық бөлімшелер	Өкілеттіктер
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ҒЖИ жөніндегі проректор	<ul style="list-style-type: none"> <li>• формальды/формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану бойынша ҚБ қызметін үйлестіру</li> </ul>
Декандар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі БББ топтары бойынша бейіндік комиссиялардың құрамын қалыптастыру</li> <li>• жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі БББ топтары бойынша бейіндік комиссиялардың қызметін үйлестіру</li> <li>• білім алушылардан оқу нәтижелерін тануға өтініштер қабылдау (Ү. ББББ-8.3/8.1-2025-35-01)</li> </ul>
ОӘБ, ЖООКБББ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• осы Ережені жаңарту</li> <li>• оқу нәтижелерін тану туралы құжатталған ақпаратын СМЖ сапа саласындағы стандарттардың талаптарына сәйкестігіне тексеру</li> <li>• оқу нәтижелерін тану туралы СМЖ құжатталған ақпаратының бақылау даналарын тіркеу және мұрағаттау</li> </ul>
ТО, ЖООКБББ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• білім алушының транскриптіне қайта есептелген кредиттерді енгізу</li> </ul>

Н.ББББ 8.3/8.1-2025-35-02 (міндетті)

Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі тиісті комиссиялар отырысының хаттамасының нысаны

**ХАТТАМА**

**ПРОТОКОЛ**

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г

№ \_\_\_\_\_

**формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі аттестациялау комиссияның отырыстары**

Төраға – Тегі, аты-жөні  
Хатшы – Тегі, аты-жөні  
Қатысқандар: (сан) адам (тізім қоса беріледі)

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

Өтініш берушінің \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты-жөні)

формальды/формальды емес білімі арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану.

**ТЫНДАЛДЫ:**

\_\_\_\_\_ БББ тобы бойынша бейіндік комиссияның  
төрағасы  
(БББ коды және атауы)

\_\_\_\_\_  
(Тегі, аты-жөні)

Бейіндік комиссияның қарауына келесі құжаттар ұсынылды:

- 1) Ү. ББББ-8.3/8.1-2025-35-01 оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) формальды және (немесе) формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

**СӨЗ БЕРІЛДІ:**

Тегі, аты-жөні – Сөзінің қысқаша жазбасы.  
Тегі, аты-жөні – Сөзінің қысқаша жазбасы.

**ШЕШІЛДІ:**

1. Оқу нәтижелерін танылсын және игерілген академиялық кредиттер қайта есептелсін:

№	«ҚазТБУ» АҚ	_____	Оқыту нәтижелерін тану
	(БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары	(білім беру ұйымының атауы) _____	
		(БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары	

**«Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже»  
ҚазТБУ -БББ- ІҚТТЕ -8.3/8.1-2025-35**

	пәннің атауы	академиялық кредиттер саны	пәннің атауы	академиялық кредит/сағат саны	Бағасы	академиялық кредиттер көлемінде	Баллдық жүйедегі бағасымен
1							
n							

2. Білім алушы келесі пәндер бойынша қайта аттестациялауға жіберілсін:

№	«АТУ» АҚ (БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары		(білім беру ұйымының атауы) (БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары		
	пәннің атауы	академиялық кредиттер саны	пәннің атауы	академиялық кредит/сағат саны	Бағасы
1					
2					
n					

3. Оқу бағдарламасының пәндеріндегі пререквизиттер/академиялық айырмашылық жойылсын

№	«ҚазТБУ» АҚ (БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары	
	пәннің атауы	академиялық кредиттер саны
1		
2		
n		

**Төраға:**

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

**Комиссия мүшелері:**

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

**Комиссия хатшысы:**

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

Н.ББББ 8.3/8.1-2025-35-03 (міндетті)

Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі аттестациялау комиссия отырысының хаттамасының нысаны

**ХАТТАМА**

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г

**ПРОТОКОЛ**

№ \_\_\_\_\_

**формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану жөніндегі аттестациялау комиссиясының отырыстары**

Төраға – Тегі, аты-жөні

Хатшы – Тегі, аты-жөні

Қатысқандар: (сан) адам (тізім қоса беріледі)

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

Өтініш берушінің \_\_\_\_\_

(Тегі, аты-жөні)

формальды/формальды емес білімі арқылы алынған оқыту нәтижелерін қайта аттестациялау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**СӨЗ БЕРІЛДІ:**

Тегі, аты-жөні – Сөзінің қысқаша жазбасы.

Тегі, аты-жөні – Сөзінің қысқаша жазбасы.

**ШЕШІЛДІ:**

№	«ҚазТБУ» (БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары		(білім беру ұйымының атауы) (БББ коды және атауы) БББ оқу жоспары			Оқыту нәтижелерін қайта растау және тану	
	пәннің атауы	академиялық кредиттер саны	пәннің атауы	академиялық кредит/сағат саны	Бағасы	академиялық кредиттер көлемінде	Баллдық жүйедегі бағасымен
1							
n							

**Төраға:**

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

**Комиссия мүшелері:**

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

**Комиссия хатшысы:**

(қолы)

(тегі, аты-жөні)



